

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі мен "Коммекс-Өмір" компаниясының ынтымақтастық жөніндегі өзара жасалған шартын іске қосу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 1996 жылғы 26 маусымдағы N 215 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 22 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 183. Күші жойылды - ҚР Ішкі Істер Министрлігінің 2004 жылғы 25 желтоқсандағы N 713 Бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестендіру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің мынадай:

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 22 шілдеде N 183 болып тіркелген "Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі мен "Коммекс-Өмір" компаниясы арасындағы ынтымақтастық туралы шартты қолданысқа енгізу туралы" 1996 жылғы 26 маусымдағы N 215...

*Министрдің міндетін атқарушы
полиция генерал-лейтенанты*

Жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру және жол қозғалысына қатысушыларды, жол-көлік оқиғаларынан зардап шеккендерді, сондай-ақ ПМ жеке құрамын сақтандыруды қамтамасыз ету мақсаттарында және Қазақстан Республикасы Президентінің 21.12.1995 ж. " Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы " 03.10.1995 ж. "Сақтандыру жөніндегі" Заң күші бар Жарлықтарына U952475_ сәйкес бұйырамын:

1. Облыстық ішкі істер басқармасы және Алматы қаласы Ішкі істер Бас басқармасының басшыларына:

1.1. Қазақстан Республикасының ПМ және "Коммекс-Өмір" акционерлік сақтандыру компаниясының ынтымақтастық жөніндегі "25" маусым 1996 жылғы өзара жасалған шартын орындауды қолға алсын (N 1 қосымша).

1.2. Үстіміздегі жылдың 10 шілдесіне дейінгі мерзімде аталған компанияның еншілес кәсіпорындарымен (филиалдарымен) осы шарттың 1 және 2 пункттерін жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралардың ортақ жоспарларын әзірлесін және бекітсін.

2. Қазақстан Республикасы ІІМ қаржы-экономикалық басқармасы шарттың ішкі істер органдарының жеке құрамын бақытсыз жағдайлардан мемлекеттік сақтандыру туралы бөлімінің 2.2. пунктін орындауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы ІІМ 28.03.1996 ж. N 118-ші бұйрығының күші жойылды деп есептелсін.

4. Осы бұйрық облыстық ІІБ және Алматы қаласының ІІБ барлық жеке құрамдарына жариялансын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау МАИ бас басқармасы мен Қазақстан Республикасы ІІМ қаржы-экономикалық басқармасына жүктелсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
І ш к і І с т е р М и н и с т р і ,
і ш к і ә с к е р л е р қ о л б а с ш ы с ы

генерал-лейтенант

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ШАРТ

ЖӨНІНДЕГІ

Алматы қаласы

25 маусым 1996 ж.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдары туралы Ереженің негізінде іс-әрекет етуші Министр Сүлейменов Қ.Ш. атынан, Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігі, бұдан әрі "Министрлік" деп аталады, Жарғы негізінде іс-әрекет етуші президент Кан Е.П. атынан, "Коммекс-өмір" Акционерлік сақтандыру компаниясы, бұдан әрі "Компания" деп аталады, төмендегідей шарт жасады:

1. Шарт тақырыбы

1.1. Жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру және жол қозғалысына қатысушыларды, сондай-ақ жол-көлік оқиғаларында зардап шеккендерді, сондай-ақ ІІМ жеке құрамын сақтандыруды қамтамасыз ету үшін және Қазақстан Республикасы Президентінің 21.12.1995 ж. "Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы" 02.10.1995 жылғы "Сақтандыру туралы" Заң күші бар Жарлықтарына сәйкес Министрлік пен Компания мына салалар бойынша өзара і с - қ и м ы л ж а с а й д ы :

- Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы ғылыми ұсыныстарды әзірлеу және статистикалық талдау үшін техникалық құралдарды пайдалану арқылы Республика жолдарында жүргізушілердің тәртібін нығайту, бақытсыз жағдайлардың және жол-көлік оқиғаларынан зардап шегушілердің санын азайту мақсатында жол-көлік оқиғаларының алдын алу;

- көлік құралдарының иелері - заңды және жеке тұлғалардың азаматтық жауапкершілігін міндетті және ерікті түрде сақтандыру;

- жүргізушілерді бақытсыз жағдайлардан ерікті түрде сақтандыру;
- автокөлік құралдарын бақытсыз жағдайлардан ерікті түрде сақтандыру;
- ПМ және құрамын бақытсыз жағдайлардан сақтандыру;

2. Екі жақтың өзара қарым-қатынасы

2.1. Екі жақ ортақ түрде:

- көлік құралдары бар жеке және заңды тұлғалар арасында міндетті және ерікті түрде сақтандыру түрлерінің мақсаттары мен міндеттері туралы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізеді;

- сақтандыруға байланысты істерді шұғыл қарастыруға жәрдемдеседі;

- жол қозғалысы қауіпсіздігі және сақтандыру мәселелері жөнінде ПМ оқу орындарында және автмотоэуесқойлары курстарында семинар сабақтарын өткізеді, сақтандырудың озық түрлері мен нысандары жөніндегі заңды және нормативті актілермен, соның ішінде олардың шетелдік түрлерімен де т а н ы с т ы р а д ы ;

- жол қозғалысы қауіпсіздігін және сақтандыруды арттыру мәселелері бойынша мемлекеттік органдарға, белгіленген тәртіппен пікірлер әзірлейді және ұ с ы н а д ы ;

- заңдылықты, құқықтық тәртіпті және сақтандыру қызметін нығайту мәселелері жөніндегі жарнамалық және түсіндірме материалдарын орналастыруға орын береді;

- жол-көлік оқиғалары, өрттер, көлік құралдарын айдап кету, сақтандыру төлемдері туралы мәліметтерді аналитикалық және статистикалық талдау жасауды жүзеге асырады, қауіпті топтардың белгілерін қалыптастырады және олардың пайда болу себептерін анықтайды.

2.2. ПМ жеке құрамын бақытсыз жағдайлардан сақтандыру Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес "Коммекс-Өмір" акционерлік сақтандыру компаниясымен сақтандыру жөнінде шарт жасау жолымен жүзеге асырылады.

2.3. 2.1. пунктінде көрсетілген іс-шараларды мақсатты қаржыландыруға осы шартта қарастырылған сақтандырудың мақсатты түрлері бойынша, түскен сақтандыру төлемдерінің 7% есебінен Компания қаржы аударарды, соның ішінде Қазақстан Республикасының ПМ - 2% және облыстық ПБ мен Алматы қалалық І І Б Б - 5 % .

2.4. Қазақстан Республикасы ПМ МАИ Бас басқармасы және оның жергілікті жерлердегі бөлімшелері, сондай-ақ Компания және оның еншілес кәсіпорындары ортақ қызметте осы шартты басшылыққа алады.

3. Шарттың жұмыс істеу мерзімі

3.1. Шарттың жұмыс істеу мерзімі шартқа қол қойған сәттен бастап 3 жылға дейін. Осы шарттың мерзімі аяқталғанға дейін 60 күнге дейін екі жақ жазбаша өтініш жазбаса, онда шарттың мерзімі тағы 3 жылға ұзартылады.

3.2. Осы шартқа қол қойған сәттен бастап, "Ортақ қызмет туралы" 28.03.1996 ж. шарт өз күшін жойды деп есептелсін.

4. Қосымша шарттар

4.1. Екі жақтың келісімімен осы шартқа өзгертулер мен толықтырулар е н г і з і л е д і .

4.2. Осы шартты мерзімінен бұрын бұзу күтпеген жағдайлар туғанда не екі жақтың келісімімен рұқсат етіледі.

4.3. Министрліктің немесе Компанияның қайта ұйымдастырылуы жағдайында , барлық құқықтар мен міндеттер, осы шарт бойынша олардың заңды м и р а с қ о р л а р ы н а а у ы с а д ы .

4.4. Осы шарт негізінде туындайтын даулы мәселелер Қазақстан Республикасының қазіргі заңдарына сәйкес шешіледі.

4.5. Осы шарт екі данада жасалған және екеуінің де заң күші бірдей.

5. Екі жақтың заңды мекен-жайлары және қолдары:

<i>Министрлік:</i>	<i>Компания:</i>
<i>Қазақстан Республикасы</i>	<i>"Коммекс-Өмір" АСК</i>
<i>Ішкі Істер Министрлігі</i>	<i>480032, Алматы қаласы</i>